

**Өткізілген уақыты:** 14 қазан, сағ 11-00.

**Іс-шараның мақсаты:** Зағип азаматтардың әлеуметтік сауықтыруын нығайту, олардың мүқтаждығын, қиындығын, болашаққа талпынуының мәселелерін жеңілдету.

Арнайы кітапханада әр аптаның сәрсенбі күні мерекесіз, кездесу кешсіз, іс-шарасыз өтпеген. Кітапхананың оқу залында игі іс-шаралардың жалғасы аясында 14 қазан күні сағат 11-00 де кезекті іс-шара өткізілді. Іс-шара қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Бұл іс-шараға Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, еңбек әлеуметтік қорғау және қолғап қон комитетінің мамандары: дәрігер реабилитолог Қожабаева Фарида Қаржауқызы, терапевт Маралиева Дина, Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен Шымкент қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен Кеуенова Жанар, Орақбаева Орынқұл арнайы мамандары қатысып, қорғармендер тарапынан айтылған ұсыныстар мен пікірлерін тындап қойған ұрақтарына барынша жауап беруге тырысып, кейбір ұрақтарды қағазға жазып алып тиісті орындарға жолдайтынын жеткізді.

Іс-шарада өртүрлі тақырыптарда ұрақтар қойылды. Кітапхана оқырманы Власов А.Т., қазақ зағиптар қоғамының торағасы Н.Алтынбеков, Толе би ауданынан келген оқырманымыз Барлыбаев Ж., «мүгедектерді оналту орталығынан» бір топ мүмкіндігі шектеулі азаматтар маңызды және ауқымды ұрақтар қойды. ЖСБ (ИПР)-ді қайдан, қалай алу керек, тифлоқұралдарға қалай және қанша уақытта қол жеткізуге болады, демалыс орындарына, шипажайларға қалай жолдама алуға болады, қандай құжаттарды рәсімдеу қажет, қоғамда мүгедектерге қандай жеңілдіктер қарастырылған дегендей сауалдарға толыққанды жауап алды. Бас қосуда келген оқырмандар қоқейіндегі толғандырған мәселелерімен бөлісіп, «айтылған әңгімелер аяқсыз, қойылған ұсыныстар ескерусіз қалмас» деген үмітпен тарқасты.

Арнайы кітапханада түрлі іс-шаралар мен әдеби-сазды шығармашылық кештер өтіп тұрады. Осыған орай «Лира» музыкалық аспаптар дүкені кітапханаға қайырымдылық жасап, демеушілік қорсетіп екі микрофонды сыйға тарту етті.

Авторлар: спецбiб  
16.10.2015 16:59 -

---



Авторлар: specbib  
16.10.2015 16:59 -

---